

Ынтымағы жарасқан ел еңселі!

1 МАМЫР,
2025 ЖЫЛ,
БЕЙСЕНБІ
№47 (23 516)



ORTALYQ QAZAQSTAN



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 ЖЫЛДЫҢ
4 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Әділетті
қоғамның тірегі



2-бет

Қарағайға қарап
тал өсер



6-бет

250 шақырым
шақырады



8-бет

Құрметті қарағандылықтар!

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күнімен – бейбітшілік, достық және келісім мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн біздің еліміздің басты құндылықтары – елімізде тұратын әртүрлі этнос өкілдері арасындағы өзара құрмет, бірлік және татулықты насихаттайды. Бірлік пен келісім-қоғамымыздың берік іргесасы, бейбітшіліктің, тұрақтылық пен өркендеудің кепілі.

Қарағанды облысы этносаралық татулықтың үлгісі іспетті. Мұнда ондаған жылдар бойына 100-ден астам этностың өкілдері достық пен өзара түсіністікте өмір сүріп келеді. Осы құндылықтарды сақтаудың арқасында біз сенімді түрде алға жылжып, еліміздің іргесін нығайтып, экономикамызды дамытып, Тәуелсіз Қазақстанның болашағын құрып жатырмыз.

Барлықтарыңызды осынау мерекемен құттықтай отырып, мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға бақ-береке тілейміз! Қазақстан халқының достығы нығая берсін!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі,
Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы

• 1 МАМЫР – ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Бірліктің тұғыры биік

Көктем табиғаттың жаңаруымен ғана емес, халықтардың жүрегіндегі үміттің жаңғыруымен де ерекше. Әр ұлттың салты, әр ұрпақтың арманы бір-ақ арнаға тоғысқанда, бейбіт өмірдің көгершіні көкке қанат қағады. Еліміздегі 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі – сол арнада тамырын тереңге жайған мәңгілік құндылықтың жарқын көрінісі. Бұл күні елімізде өмір сүріп жатқан 130-ға жуық түрлі этнос өкілдері бір ағаштың жапырағындай жайқалып, ортақ мүдде, ортақ мақсат үшін біте қайнасқанын паш етеді.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бірлік пен бейбітшілік – ұран ғана емес, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа, әкеден – балаға аманатталған ұлы мұрат, ұлт болмысының өміршеңдігінің кілті. Яғни, бірлік күні бізге түрлі этнос өкілдерінің өрнегімен тоқылған қазақы кең дастархан болып елестейді. Баяу соққан самалдай, аспан астын әнге бөлеген көктемнің бұл күнінде табиғаттың өзі үнсіз тіл қатып: «Тату болсаң – тірі боласың, тату болсаң – тұғырлы боласың» деп сыбырайтындай.

Қазақ даласының кең пейілі мен көгершінінің аппақ қанатындай бейбіт ниеті сан этностың басын қосып, бір шаңырақ астында тағдырын тоғыстырды. Бала күлкісіне ұласқан ана тілдер, әке даналығындай ұйысқан баба дәстүрлер осы айтулы мерекенің астарында жатыр.

Бұл күні аспан көгінде шаңырақ



Коллаж жасап Шолыр Адамбекова

бейнесі іспеттес ақ бұлттар қалықтайды. Әрбір этнос бір уық, әрбір жүрек бір кереге секілді еліміздің ұлы шаңырағын көтеріп тұр. Бейбіт өмірдің нышаны көгершіндер көкке самғап, жүректер бір

әуенге, ынтымақ пен татулықтың сазына тербеледі. Ымыра-бірлік пен бейбітшілікті жер бетіндегі ең асыл гүл десек, артық айтқандық емес. Оны аялау керек. Аспан мен жер арасын жалғаған көне аңыздарда

ерте заманда адам баласы бір тілде сөйлеп, бір жүрек болып соғып, тату ғұмыр кешіпті деседі.

► 4-бет

• БІР ЖҮРЕК, БІР ТІЛЕК

Табыстың тайқазанын қайнатқандар

Аяулм СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысына сапармен келгенде «Бірлік, ынтымақ, толеранттылық, өзара құрмет, жанашырлық және әрқашан бір-бірімізге қол ұшын беруге дайын болу біздің дәстүріміз бен мәдениетіміздің негізінде жатыр. Біздің ұлттық болмысымызды қалыптастыратын бұл бірегей құндылықтарды жасанды идеологиялық құрылымдарға телу оңай емес. Бірақ, менің ойымша, бұған қажеттілік жоқ» деген болатын.

Қарағанды – өндірістің ошағы. Кәсіпорындарға мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдау қомақты әрі өңір өзге ұлт өкілдерін жұмыспен қамтуға сүбелі үлес қосуда.



► 5-бет

ORTALYQ
QAZAQSTAN

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу басталды. Жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, редакцияда және Kaspi QR арқылы ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА	
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 ай	10447,44 тг
Жеке жазылушылар	6 айға	3386,60 тг
Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ	
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6 айға	5882,60 тг
Жеке жазылушылар	6 айға	3074,60 тг

Анықтама телефоны:

☎ 41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

✉ E-mail: ottdel.pochtovyy@bk.ru

Мекенжайымыз:
Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 582.92

• USD/KZT 512.32

• RUB/KZT 6.29

• CNY/KZT 70.45

Қазақстан Ұлттық Банкінің
30 сәуір, 2025 жылғы дерегі бойынша

Жеңіс рухы жаңғырады



Қарағанды облысында Отан қорғаушылар күні мен Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған іс-шаралар легі басталды. Облыстың барлық қалалары мен аудандарында жүзден астам патриоттық, мәдени және спорттық шаралар жоспарланып, олардың ауқымды бөлігі ерлікке тағзым мен ардагерлерге құрмет көрсетуге бағытталды.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

— Біздің міндетіміз — бұл маңызды даталарды облыстың әрбір тұрғыны өз халқын, өз тарихын және Отанын мақтан тұтатындай етіп өткізу, — деді Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

7 мамыр — Отан қорғаушылар күніне орай мектептер, колледждер мен жоғары оқу орындарында ерлік сабақтары ұйымдастырылуда. Сондай-ақ, «Солдатка хат» челленджі қолға алынып, жас ұрпақ пен ардагерлер арасындағы рухани көпірді нығайтуға бағытталған. Спорт сүйер қауым үшін «Жастар» спорт кешенінде қазақ күресінен турнир өтеді.

Орталық саябақта, Жаңа Майқұдық пен Теміржолшылар мәдениет сарайларында өтетін «Ұранды ердің ұрпағы қайсар» атты мерекелік концерттер мен «Молодежный» мәдениет үйіндегі патриоттық ән байқауы көпшілік назарына ұсынылады. Сондай-ақ, әскери-патриоттық клубтардың қатысуымен өтетін «Жас сарбаз» спорт шеруінің облыстық байқауы да ел қорғандарына деген құрметтің бір көрінісі болмақ.

Цирк алдындағы алаңда Қали Байжанов атындағы концерт бірлестігінің ұйымдастыруымен «Ерліктің даңқы өшпес!» атты гала-концерт өтеді. Сонымен қатар, 7 мамырда облыстың барлық қалалары мен аудандарында Астанадағы әскери шерудің көрсетілімі ұйымдастырылады. Шеруге Қарағанды облысынан Ұлы Отан соғысының ардагері Григорий Степенко мен тыл еңбеккерлері қатысады.

Ардагерлерге қамқорлық

көрсетуге ерекше назар аударылды. Өңірде 2797 ардагер тұрады, олардың ішінде сегіз ҰОС ардагері, 116 ардагердің жесірі, 2634 тыл еңбеккері, 29 концлагерь тұтқыны және 10 Ленинград қоршауында қалған азамат бар.

Оларға медициналық тексеруден өткізу бір айлығы жүріп жатыр, ал, 9 мамырда «Жеңістің 80 жылдығы» мерекелік медалімен марапатталады.

Облыс жастары да мерекелік дайындыққа белсенді қатысып жатыр. Еріктілер 10 қала мен ауданда «Ардағым — ардагерім» және «Ардагер-өсиеті» акцияларын қолдай отырып, ардагерлерге көмектеседі.

Облыс орталығын абаттандыруға ерекше назар аударылды. Соғыс батырларының есімі берілген көшелер санитарлық тазартудан өтіп, ескерткіштер мен мемориалдар жаңартылды. 200-ден астам жалау конструкциясы, 300 консольдық жалау орнатылды, көшелер тақырыптық баннерлермен және медиабордтармен безендірілді.

Мамыр мерекелерінің шарықтау шегі Жеңіс күнін мерекелеу болмақ. Тоғызыншы мамырда «Ұлы Жеңіске мың тағзым» акциясы аясында Мәңгілік алауға және Сұрыптаудағы жауынгерлік даңқ ескерткішіне гүл шоқтарын қою салтанатты рәсімі өтеді.

Бұл күні Қарағандының Жеңіс саябағында «Жеңіс жолы» театрландырылған концерті, джаз оркестрі мен эстрада орындаушыларының қатысуымен кешкі бағдарлама өтеді. Концерттер Майқұдық және Теміржолшылар мәдениет сарайларында және цирк алаңында өтеді.

Әділетті қоғамның тірегі

Қарағанды облысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүзеге асырылып жатқан «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ауыл тұрғындарының сапалы медициналық қызметке қол жеткізу мүмкіндігі артып келеді. Президент өз Жолдауында: «Ауыл тұрғындары үшін медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру — басым міндет. Бұл — халықтың әл-ауқаты мен әділетті қоғамның көрсеткіші», — деп атап өткен еді. Осы мақсатта облыста құрылыс қарқыны үдей түскен. 2026 жылға дейін 92 жаңа медициналық нысан — амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункттер бой көтеріп, жалпы инфрақұрылымның 52%-ы жаңартылмақ. Ал, биылдың өзінде 66 нысанда құрылыс қызу жүріп жатыр.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы 15-ін мамыр айында, 41 медициналық мекемені маусым айында тапсыру жоспарланған, қалған 10-ын қыркүйек айының соңына дейін пайдалануға беру көзделіп отыр. Сонымен қатар, жаңа мекемелерді медициналық кадрлармен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде. Өткен жылы өңірге 210 жас маман келіп, оның 106-сы ауылдық елдімекендерге жіберілді. Әлі де дәрігерлер тапшылығы бар.

— Дәрігерлерді тарту үшін 8,5 млн теңгеге дейін көтерме төлемдер және тұрғын үй беру қарастырылған. Биыл тағы 70 маманды тартуды жоспарлап отырмыз, — деді денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Қайрат Абзалиев.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев кадрлық қамтамасыз ету бойынша жұмысты күшейту қажеттігін ерекше атап өтті.



— Білікті қызметкерлерсіз жаңа медициналық мекемелер мәнін жоғалтады. Онда кім жұмыс істейді? Бағдарламалар әзірленіздер, субсидиялар бөліңіздер, кадр мәселелерін шешіңіздер! Жобаны іске асыруға жергілікті тұрғындарды тартыңыздар! Бұл біздің ортақ жауапкершілігіміз, — деп атап өтті өңір басшысы.

Құрылыс жұмыстары тек ауылдармен шектелмейді. Балқаш

пен Теміртаудағы заманауи ауданаралық ауруханалардың құрылысы да мәресіне жақындап келеді. Бұл ауруханаларда кардиохирургия, травматология, оңалту бөлімшелері ашылады. Теміртауда ангиографиялық операциялық блок құрылысы аяқталып, Балқаштағы құрылыс жұмыстары күзге дейін аяқталмақ. Аталмыш ауруханаларды жабдықтау үшін ангиографтар, компьютерлік және маг-

• МАРАПАТ

Шипа жолындағы шамшырақ

Адам өмірі үшін күресу — екінің бірінің қолынан келмейтін ұлы еңбек. Бұл тек біліктілік пен білімділікті ғана емес, жүрек жылуы мен адамға деген мейірімді талап ететін ауыр да ардақты жол. Осындай жолды абыроймен өткеріп келе жатқан жан — белгілі онколог-хирург, профессор Валентина Сирота. Ол 40 жылдан астам уақыттан бері адам өмірін сақтап, медицина университетінің онкология және сәулелік диагностика кафедрасында болашақ дәрігерлерге сабақ беріп келеді.

Қадірлі дәрігер Валентина Брониславовна 70 жасқа толды. Оның есімі тек ақ желеңді әріптестері арасында ғана емес, өмірін аман алып қалған жүздеген науқастар мен оның тәрбиесін көрген шәкірттерінің жадында мәңгілікке жазулы.

Медицинаға 40 жылдан астам өмірін арнаған Валентина Сирота тәжірибесі мен білімін болашақ дәрігерлерге үйретуден жалыққан емес. Ғалым ретінде де абыройы асқақ. 300-ден астам ғылыми еңбектің, бірқатар патенттердің авторы. Оның жетекшілігімен он бір ғылым кандидаты мен PhD дәрежесін қорғаған жас зерттеушілер қанат қакты.

Мерейтой иесіне Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет

Бөлекпаевтың атынан арнайы құттықтау хат тапсырылды.

«Сіз 40 жылдан астам өміріңізді медицина кадрларын даярлауға арнап, талантты онкологтарды, хирургтар мен ғалымдарды тәрбиелеп келдіңіз. Сіздің жетекшілігіңізбен ондаған диссертациялар қорғалды, жүздеген ғылыми еңбектер жарияланды, онкологиялық аурулармен күреске бағытталған маңызды әзірлемелер тәжірибеге енгізілді. Сізге мықты денсаулық, сарқылмас күш-қуат, игілік және жаңа жетістіктер тілеймін. Шәкірттер мен пациенттердің алғысы алдағы жетістіктерге шабыт берсін!» — деп жазды облыс әкімі құттықтау хатында.

Валентина Брониславовна



онколог-хирург жоғары біліктілік санатына ие және бұрынғысына белсенді жұмыс істеп келеді. Ол медуниверситет студенттеріне, ординаторлар мен аспиранттарға сабақ өткізіп, дәріс оқиды.

Медицинаны дамытуға қосқан үлесі үшін Валентина Сирота «Қазақстан Республикасы

денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісіне, Қазақстан Республикасының ғылым мен техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болған.

Өз тілшімізден

Сурет облыстың денсаулық сақтау басқармасынан

Технология мен сенім серіктестігі

Сарандағы Silk Road Electronics зауыты мен жаһандық технологиялық алпауыт — Samsung Electronics корпорациясы стратегиялық серіктестік орнатып, автоматты кір жуғыш машиналар өндірісін іске қосуға уағдаласты. Бұл жоба отандық өндірістің әлеуетін арттырумен қатар, заманауи, «ақылды» тұрмыстық техниканы Қазақстанда өндірудің жаңа кезеңін бастайды. Өңірде мұндай өндірістік серілістің экономикалық маңызы зор. Silk Road Electronics пен Samsung ынтымақтастығы өңірдің индустриялық әлеуетін арттырып қана қоймай, қосымша жұмыс орындарын ашып, отандық техниканың бәсекеге қабілеттілігін нығайтады.

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Болашақта Сарандағы кәсіпорында шығарылатын кір жуғыш машиналар Samsung компаниясының әлемдік сапа және қауіпсіздік стандарттарына толықтай сай болмақ. Әр өндірістік кезең мұқият бақылаудан өтеді. Жаңа өнімдер тек энергия үнемдеуші және сенімділігі жоғары болуымен ғана емес, SmartThings экожүйесіне қосылып, пайдаланушыларға қосымша қолдайылық пен автоматтандырылған шешімдер ұсынатын озық технологияларымен ерекшеленеді.

— Бұл келісім — біздің мүмкіндіктерімізге, қолдамызға және даму жолымызға деген сенімнің нақты дәлелі. Samsung компаниясымен бірлесе отырып, біз тех-

нологиялық дамудың жаңа белесіне аяқ бастық. Ертеңгі күннің шешімдерін бүгіннен бірге жасаудамыз, — деді Silk Road Electronics компаниясының директоры Александр Критский.

Айта кету керек, бұл келісім екі компания арасындағы ынтымақтастықтың жалғасы іспеттес. Бұған дейін, 2024 жылдың желтоқсан айында осы өндірістік алаңда Samsung теледидарларын шығару бойынша алғашқы бірлескен жоба бастау алған болатын.

— Silk Road Electronics-пен әріптестігіміз жаңа мүмкіндіктердің есігін ашып отыр. Біздің озық әзірлемелеріміз бен серіктес компанияның өндірістік қуатын біріктіре отырып, біз тұтынушыларға барынша қолайлы әрі сенімді техника ұсынатын инновациялық экожүйе қалыптасты-



Сурет облыс әкімінің сайтынан

рамыз, — деді Samsung Electronics тұрмыстық техника сату бөлімінің басшысы Данияр Ыбыраев.

Өндіріс 2025 жылдың екінші жартысында іске қосылады деп жоспарлануда. Алғашқы кезеңде кір жуғыш машиналар тек Қатан зақстанның ішкі нарығына арналмақ. Дегенмен, болашақта экспорт бағыттары да қарастырылуда. Бұл өз кезегінде, Silk Road Electronics

пен Samsung компанияларының халықаралық нарықтағы позицияларын нығайтуға серпін береді.

Samsung Electronics әлемнің 70-тен астам елінде өндіріс орнын ашқан. Олардың Қазақстандағы бұл бастамасы — Орталық Азия нарығына деген сенім мен ынтымақтастықтың жаңа сатысы. Бұл ел ішіндегі инновациялық өндіріс мәдениетін дамытуға жол ашады.

• «ЖАСЫЛ ЭКОНОМИКА»

Жел жасампаздыққа қызмет етеді

Электр қуатын өндірудің басқа түрлеріне қарағанда, отынды қажет етпейтіндіктен, жел электр стансаларының қоршаған ортаға әсері мардымсыз. Сондықтан, оны «зиянсыз қуат көзі» немесе «жасыл энергия» деп атайды. Алайда, жердің табиғи көркін бұзып, белгілі бір деңгейде ландшафтқа әсер еткені үшін жел электр станциялары сынға ұшырады. Сала мамандары мен зерттеушілер «басқа электр стансаларына қарағанда желдің қуаты көбірек жерлерге таралуы керек және ауылдық мекендерде салынғаны дұрыс, сонда бұл «ағарлық саланы индустрияландыруға» онды әсер етеді» деп есептейді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Орталық Қазақстанда жел қуатын пайдалануды шындап қолға алған Осакаров ауданы. Өңірге тартылған инвестицияның нәтижесінде Осакаровка кентіне «Гиперборея» ЖШС жел стансасын орнатуда. Құны 50 миллиард теңгеге тұратын, 150 МВт электр қуатын беретін стансаның алғашқы кезеңі биылғы I тоқсанда аяқталса, екінші кезеңі 2026 жылдың бірінші жартысында қолдануға беріледі деп күтілуде. Мұнда 20 адам жұмыс істейді.

Сонымен бірге, «North wind park» ЖШС Қытай-Қазақстан біріккен кәсіпорны жел паркін орнатуды қолға алды. То-

лық күшіне енгенде 500 МВт электр қуатын өндіретін стансаның құны 250 миллиард теңге. Ол іске қосылғанда тағы да 20 тұрақты жұмыс орны пайда болады.

Қазіргі таңда жел паркі үшін 175 гектар жер телімі бөлінген. Техникалық құжаттар әзірленіп, жел қондырғыларын орнататын орындар жобалануда екен. LIDAR өлшеуіш жабдығы да орнатылыпты. Сөйтіп, Сарыбелдің саумал желін осакаровкалықтар өңірдегі жарқын істерге пайдаланудан үмітті.

Осакаров ауданы

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Қолдауға зәру қоғам бар

Облыстық мәслихаттың депутаттары облыстық психикалық денсаулық орталығына арнайы ат басын бұрды. Олардың назарына орталық жағдайы мен ондағы науқастардың жай-күйі, жалпы, аймақтың наркологиялық эпидемиологиялық ахуалы ұсынылды. Облыстық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Қадияша Оспанова кездесу барысында айтылған мәселелердің назардан тыс қалмайтынын және оларды шешуде депутаттар тарапынан қолдау болатынын жеткізді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тұрғындардың менталдық денсаулығы әрі психикалық жай-күйі – маңызды көрсеткіш. Одан бөлек, есірткі және психотропты заттардың таралуы да алаңдатарлық мәселе. Ол күн тәртібінен түскен емес, себебі, ұлттық қауіпсіздік негізі саналады. Сондықтан да, депутаттар облыстық психикалық орталық жұмысымен танысты. Шешімін табуға тиіс мәселелерді ұсыныс ретінде қарастыру үшін жазып алды.

Орталық директоры Зулфикар Әбілқасымовтың айтуынша, тұрғындарға наркологиялық көмек бірнеше бағыт бойынша жасалады.

– Ерікті түрде ем жүргізуге арналған 92 орын бар. Оның көбі Қарағандыда, Теміртау мен Балқаш қаласында бес орыннан. Сондай-ақ, сот шешімімен мұжбүрлі түрде емдеуге 200 орын жабдықталған. Ол орталық Саран қаласында. Қарағанды, Теміртау, Балқаш қалаларында 24 адамға шақталған күндізгі стационар, диспансерлік бөлім бар. Одан бөлек, ішімдіктен орташа және ауыр деңгейде уланған адамдарды уақытша бейімдеу және детоксикация орталықтары бар. Облыс орталығында – 40 адамға, Балқашта – 20 және Теміртауда 17 адамға шақталған. Екі химиялық-токсикологиялық орталық жұмыс істейді. Осының барлығы психикалық және наркологиялық қызметті қамтамасыз етеді, – деді Зулфикар Ерленбайұлы.

Орталықта 25 мыңға жуық адам есепте тұр. Оның ішінде, есірткі қолданатын – 7 407 адам, ішімдікке салынған 6 208 адам бар. Мамандардың айтуынша, есірткімен есепте тұрғандар былтыр 7 344 адам болса, биыл – 7 407 адам. Десе де, есірткі мен психотропты заттардың жастар арасында кең таралып, өскелең ұрпақ санасын улап жатқанын қанша айтсақ та, сүйенер нақты деректер жоқ. Себебі, аймақта психотропты заттардың эпидемиологиялық ахуалы туралы толымды дерек болмай отыр. Статистика тыйым салынған заттарды қолданушылар қатарының айтарлықтай артағанын көрсетсе де, орталық мамандары «эпидемиологиялық ахуал қалыпты» деуге келмейтінін айтады.

– Аймақтың тұтастай эпидемиологиялық ахуалы туралы айта алмаймыз, – деді кездесуде Зулфикар Ерленбайұлы. – Себебі, біздің орталықта тіркеуде тұрғандармен ғана шектеліп отырымыз. Жағдайдың нақты масштабын көре алмаймыз. Сол себепті де, мамырдан мектеп оқушылары, жоғары оқу орындары мен колледж студенттері арасында сауалнама өткізу жоспары бар. Оның мақсаты – жастар арасында есірткі заттарының таралу жағдайын анықтау. Бұл шешім қабылдап, келесі қадам жасау үшін қажет. Алайда, кең көлемде сауалнама алу үшін Оқу-ағарту министрлігінің арнайы рұқсаты керек. Себебі, баланың сауалнамаға қатысуы ата-анасының келісімімен ғана жүргізіледі. Бұл мәселені күрделендіре түсуде.



Айтылған мәселені мектеп оқушыларының ата-аналарымен өтетін кездесулерде тілге тиек ететінін жеткізді Қадияша Базарбайқызы.

– Мәселенің шешімін іздеу үшін оның мәнін терең түсіну керек. Ата-аналармен кездесу ұйымдастырып, білім, денсаулық сақтау басқармасы мамандарын, жастар мен еріктілерді, құқық қорғау органдары өкілдерін шақырған дұрыс. Бұл жағынан біз қолдауға әзірміз, – деді Қадияша Оспанова.

“ Қазіргі уақыттағы басымдық – орталықтың жөндеу жұмыстарын кешіктірмей науқастардың жағдайын жақсарту. Профилактика да естен шықпауы тиіс. Себебі, мұнда айтылғандай, есірткі қолданатындардың орташа жасы – 18-35 аралығында. Бұл – еңбек етіп, отбасын құрып, ел дамуына үлес қосатын нағыз жалынды адамдар. Жастардың өз өмірін қор қылмай, тыйым салынған заттардан алыстату – тұтас қоғам міндеті.

Мұндағы мәселе – мектептердің әлеуетті нашакорларды жасыруы.

– Ақпараттың таралып кетуінен қорқады. «Нашакор шыққан мектеп» деген аттан білім ордасы да, ата-аналар да қашады. Сондықтан, сіздердің тараптан құпиялылық сақталуы тиіс, – деді облыстық Қоғамдық кеңес төрағасы Серікжан Байбосынов.

Бұл ретте мамандар сауалнаманың анонимді түрде және тек орталық мамандарымен жүргізілетінін атап өтті.

Жалпы, сауалнамалар – ақпарат жинақтаудың негізгі амалы. Сонымен қатар, ақпарат мақсатты топтарды тексеру, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің скринингі, медициналық куәландыру кабинеттерінің, сот сараптамасы институтының, сондай-ақ, ауруханалардан түсетін деректері негізінде қалыптасады. Орталықтың аналитикалық-мониторингтік орталығына түскен статистикалық мәлімет тиісті министрліктерге, жергілікті әкімдіктер мен денсаулық сақтау басқармасына жіберіледі.

Сонымен қатар, аймақта заманауи ESPAD зерттеу жұмысы жүргізілетіні туралы айтылды. Наркологиялық қызмет жетекшісі Динара Мажитованың айтуынша, халықаралық зерттеу жобасы жасөспірімдердің психоактивті заттарды қолдану туралы деректерді қамтиды.

– Жобаны Денсаулық сақтау және Оқу-ағарту министрліктері қолға алған. Бүгінгі таңда оны жүргізу үшін барлық шаралар қабылданды. Облыста 13-18 жас

аралығында 43 669 бала бар десек, оның 500-і сауалнамаға қатысады. Алты мектеп пен екі колледж анықталды. Жоба қорытындысы келесі жылы шығады. Оның нәтижесінен ел өңірлерінде психоактивті заттардың таралуы туралы тың деректер алуға болады, – деді Динара Мажитова.

Мамандардың айтуынша, қолға алынған зерттеу жұмыстары психоактивті заттардың таралуына қатысты эпидемиологиялық ахуалды нақтылауға мүмкіндік береді.

оңалту үш кезеңде жүзеге асырылады. Алғашқы екеуі – стационарда, соңғысы амбулаторлық жағдайда өтеді.

Былыр 128 адам оңалтудан өтті. Оның ішінде, ішімдікке тәуелді – 107 адам, есірткіге тәуелді 21 адам бар. Бұдан бөлек, топтық жұмыстар, отбасылық психотерапия, әлеуметтік бейімдеу, психодиагностика қызметтері 128 адамға көрсетіліпті.

Орталықтағы оңалту қызметін Қадияша Оспанова бастаған депутаттар тобы – Гамаль Токсамбаев, Зара Шалабаева, Сейфул-Мәлік Казитов көздерімен көрді. Орталық директорының айтуынша, медициналық-әлеуметтік оңалту қызметі үшін жекелеген тариф жоқ.

– Бүгінгі таңда орталықта есепте тұрған адамдар үшін бюджеттен 16 мың теңге төленеді. Оған диагностика, емдеу, диспансердегі күнделікті тамағы кіреді. Ол медициналық көмектің кепілдік



Орталықтың маңызды қызметтерінің бірі – медициналық-әлеуметтік оңалту. Психотропты заттарға тәуелді адамдарды оңалту науқастың психоәлеуметтік жағдайын талдауға, бейімдеп, дағдыларын дамытуға бағытталған. Мұндағы

берілген көлемі аясында төленеді. Өткен жылғы қаржыландыру көлемі – 4 636 475 теңге. Біз тарифті көтеруді ұсынамыз, – деді орталық директоры.

Қадияша Базарбайқызы тиісті ұсыныс болса, депутаттар жеткізуге дайын екендігін алға тартты.

Қазіргі таңда орталықтың медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімінде 20-дан астам науқас жатыр. Олар толықтай ем алып, оңалғанға дейін осында болады.

– Психикалық аурулардың профилактикасы мен реабилитациясы – маңызды міндеттер. Оңалту қызметі үшін жағдай жасау қажет. Бізде көпшілік «психиатриялық клиника» деген атаудан-ақ қорқады. Мәселесін айтпай, қоғамнан оқшауланады. Негізі, олардың барлығының емі бар, тиісті ем-шаралардан кейін қалпына келеді. Стационарда ғана емес, консультативтік-диагностикалық көмек те беріледі дұрыс. Қала емханаларында бастапқы психикалық денсаулық орталықтары ашылып жатыр. Депутаттар мұны қолдайды, қаржыландыру бойынша көмектесуге дайын. Емханаларда кеңес алып, тереңірек анықтау үшін орталықтардың болғаны жақсы бастама. Бүгінде Қарағандыда төрт, Теміртауда – екі, Балқашта бір орталық бар. Тағы екеуі биыл Оңтүстік-Шығыс ауданы мен Майкұдықта ашылады. Бұл халықтың психиатриялық көмек алуға қолжетімділігін арттырады, – дейді Қадияша Оспанова.

Сонымен қатар, бұл маман тапшы-

лығын да шешуге сеп. Орталыққа қазіргі есеп бойынша он маман қажет. Орта медициналық персоналға қажеттілік жоқ. Болашақта бастапқы психикалық денсаулық орталықтары барлық қалалар мен аудандарда ашылса, психиатр-наркологтардың қажеттілігі артады. Мәлім болғандай, осы мамандық бойынша бес маман резидентурада білім алып жатыр.

Екі жыл бұрын алынған газды хромотограф кейбір даулы мәселелерде таптырмас құралға айналған. Оның көмегімен адам бойында психоактивті заттардың бар-жоғын тексеруге болады. Аппарат психоактивті заттардың халықаралық базасында бар барлық затқа талдау жасап, анықтап бере алады. Егер жаңа түрлері анықталса, базаны толықтырады.

Мамандардың айтуынша, зерттеу адамның зәрі арқылы жасалады. Кейде жасөспірімдердің ата-аналары ақылы түрде жүгінеді екен. Аппарат құны 171 млн теңгеден асады.

Денсаулық сақтау мекемесінің жағдайы да депутаттардың назарынан тыс қалған жоқ. Орталық директорының айтуынша, жөндеу жұмыстары 2029-2030 жылдарға жоспарланған.

– Жүргізілген зерттеулер облыстық психикалық денсаулық орталығының жалпы жабдықталуы 92% десе, тозғанын есептемегенде 75,05%-ды құрайды. Медициналық көмектің сапасын арттыру мақсатында 2024 жылдың сәуір айынан бастап, Қарағанды қаласы, Мұқанов көшесі 35 мекенжайында орналасқан наркологиялық пунктке күрделі жөндеу жұмыстары басталған болатын. Алайда, мердігердің жауапсыздығынан жұмыс тоқтап қалды. Сапасыз орындалған жұмысты қабылдаған жоқпыз. Қазіргі уақытта мердігерді мемлекеттік сатып алудың «жосықсыз қатысушысы» деп тану және үлгілік шартты бұзу бойынша сот өндірісі жүргізілуде, – деді ол.

Бұл ретте Қадияша Базарбайқызы орталыққа күрделі жөндеу жұмыстарын көрсетілген мерзімінен бұрынырақ бастауға мүмкіндік бар екенін айтты.

– Маусым айында бюджетті нақтылауға байланысты облыстық мәслихат депутаттарының отырысы өтеді. Сіздер сол уақыта дейін жобалық-сметалық құжаттарын дайындасаңыздар, қаржыландыру

жағынан көмектесуге әзірміз. Себебі, науқастарға жайлы жағдай жасалуы қажет. Кейбір палаталарда алты-жеті адамға дейін жатыр, міне. Наркологиялық орталықтың жөндеу жұмыстары тоқтап тұр. Аурулар қатары көбеюде.

Бұл мұнша ұзаққа созатын мәселе емес деп ойлаймын. Синтетикалық есірткі мен психотропты заттардың таралуы, әсіресе, өскелең ұрпақты олардан сақтандыру туралы ел Президенті үнемі айтып жүр. Сондықтан, бұл мәселенің шешімі көп күттірмеуі керек. Сонымен қатар, міндетті медициналық сақтандыруға қатысты нормативтік-құқықтық базаны өзгерту мәселесін де түртіп алдық. Қазіргі уақыттағы басымдық – орталықтың жөндеу жұмыстарын кешіктірмей науқастардың жағдайын жақсарту. Профилактика да естен шықпауы тиіс. Себебі, мұнда айтылғандай, есірткі қолданатындардың орташа жасы – 18-35 аралығында. Бұл – еңбек етіп, отбасын құрып, ел дамуына үлес қосатын нағыз жалынды адамдар. Жастарды өз өмірін қор қылмай, тыйым салынған заттардан алыстату – тұтас қоғам міндеті. Сондықтан, бүгін облыстық мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйым өкілдері, құқық қорғау, прокуратура қызметкерлері, мемлекеттік ұйымдар бас қосты. Айтылған мәселелердің сөз жүзінде қалып қоймай, іс жүзінде шешімін табуына көмектесеміз, – деді тұрақты комиссия төрағасы.


Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО



• КИЕ

Қазақ үшін шаңырақ қасиетті

Жалпы, қазақ шаңырақты қасиетті санаған. «Пәленшенің әулеті пәлен шаңырақ болыпты» деген сөз сол адамның үрім-бұтағының өскендігін көрсетеді. Сонымен қатар, шаңырақ берекені, бірлікті де білдіреді. Бата-тілек бергенде, «Шаңырағың шайқалмасын» деп жатады. Отбасы тату-тәтті, бірлікшіл болсын деген сөз.



Шаңырақты сом қайыңнан иіп, қоспаларын қиыстырып, шегемен ұстатады. Шаңырақтың өн бойын көк өріс өрнектермен немесе «ырғақ», «тіс», «қошқар мүйіз» оюлармен безендіреді.

Шаңырақтан кейінгі ерекше қастерленетін киіз үйдің бөлшегі – босаға. Жаңа қосылған жас жұбайларға үлкендердің беретін ақ батасында «Қос босағаң берік болсын», «Ақ босағадан аттаған келін оң аяғымен енсін» деуі немесе балаларға: «босағаны қерме, босағаға бақытсыздық орнайды» деп ырымдап жатуына үлкен мән-мағына бар. Босағаны киелі, қасиетті деп санағандықты білдіреді.

XX ғасыр басында қазақ қоғамында тамыр сөзі жиі қолданысқа ене бастады. Бұл Ресей, Украина жерінен көшіп келген бірнеше мыңдаған шаруалар жергілікті халықпен шаруашылығы араласып, бір-бірін «тамыр» деп атай бастады. Бұл, әрине, барлық жерде қолданысқа ие болмағанымен жаңа бір бірліктің өлшемі болды.

Кеңес Одағын мекендеген халықтардың қай-қайсысы болсын сталиндік зорлық-зомбылықтан, геноцид пен этноцидтен, саяси қуғын-сүргіннен аман қалған жоқ. Кеңес үкіметі жылдарында жекелеген партия, кеңес, комсомол қызметкерлері ғана емес, тұтас бір халық сенімсіз де сатқын ұлт қатарына жатқызылып, тарихи ата-мекенінен күштеп жер аударылды.

1938 жылдың көктемінде корейлерді көшірудің екінші кезеңі басталды. Енді олар тұрақты мекендерге орналастырылды. 70 корей жұмысшары республиканың 8 облысында – Қызылорда, Алматы, Солтүстік Қазақстан, Атырау, Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстанда орналасты. Олар балық және ауыл шаруашылығымен айналысты.

КСРО-ның ұлт саясатындағы 30 жылдардағы қуғын-сүргініне

иран ұлты да ілікті. Түрікменстан, Әзірбайжан, Грузия және Армения аудандарында тұрып жатқан ирандықтар 1938 жылы Күрдістан автономиялы республикасы құрылғаны белгілі. Алайда, 1936 жылы күрдітердің ғасырлар бойғы арманы аяқ асты етіліп, өздері «сенімсіз халықтар» қатарына жатқызылды. 1937 жылдан бастап, ешбір негізсіз 7,3 мың күрд Армения, Әзірбайжан аумағынан көшіріліп, Орталық Азия мен Қазақстанға қоныстандырылды.

Дол осындай «сценариймен» қарашай, қалмақ, шешен, ингуш, балкар және т.б. Солтүстік Кавказ, Грузия, Қырым өңірі халықтары «фашистік басқыншылармен жақындасты» деген желеумен көшіріліп, ұлттық автономиялар жойылды.

1943 жылы Қарашай автономиялы республикасы жойылып, жалпы саны 45,5 мың адам Қазақстанның Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына орналастырылды. Қалған отбасылар Қырғызстанға, Өзбекстанға аттандырылды.

Жалпы саны 40 мыңдай балқардан Солтүстік Кавказ түгелдей «тазартылды», 46,6 мың балқар отбасы оңтүстік облыстарға қоныстандырылды. Қалғандары Қырғызстанға жөнелтілді. 1945 жылға қарай Қазақстанға көшірілген шешендер мен ингуштардың жалпы саны 406,3 мың адамға жетті.

Қоныс аударған халықтар баспанасыз далада қалмады. Бұларды ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрі бар қазақ халқы өз бауырына алды.

Темірғали АРШАБЕКОВ, тарихшы-этнограф

Бірліктің тұғыры биік



Көпшік жасаған Арайлым Қостева

(Соңы. Басы 1-бетте).

Ал, 1950 жылдары бүкіл КСРО-дан қоныс аударушылардың тағы бір толқыны тың игеру үшін қазақ еліне табан тіреді. КСРО ыдыраған жылдары, одан кейін де Қазақстаннан көшіп кеткен ұлт пен ұлыстар саны көп болса да, олардың кейбірі қазақ жерін «Отаным!» деп қабылдап, күні бүгінге дейін тұрақтап қалды. Міне, осы ұлт пен ұлыстардың бірлігі мен олардың мызғымас ынтымағын айғақтайтын бірден-бір мереке – Қазақстан халқының бірлігі күні болып отыр.

1995 жылдың 18 қазанында елде ұлтаралық татулықты нығайтуға бағытталған бастама ретінде қолға алынып, 1996 жылы Президент Жарлығымен «1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні» деп жарияланды.

Бұл күн бұрынғы кеңестік дәуірден қалған «Көктем және Еңбек мерекесі» орнына жаңа тарихи мазмұнмен толықты. Этносаралық келісім мен бірлік басты құндылық ретінде дәріптелді. Тәуелсіздік алғаннан кейін бұл күнге жаңа мән берілді. Енді, еңбекшілердің ынтымағы ғана емес, тұтас халықтың ынтымағы мен бірлігі мадақталады. Бұл қадам – түрлі этнос өкілдерінің бір шаңырақ астында бейбіт өмір сүруі үшін өте маңызды саяси әрі мәдени шешім еді.

Қазақ халқының тағдыры да, тарихы да татулық пен келісімге сүйеніп қалыптасты. Бүгінде көптің, көпмәдениетті мемлекетіміз бейбіт өмірдің ғажап үлгісін көрсетіп келеді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бейбітшілік пен тұрақтылық – тәуелсіздігіміздің берік тірегі. Қазақстан халқы Ассамблеясының басты миссиясы –

осы құндылықтарды сақтау және нығайту», – деп атап өткен болатын.

Қарағанды – этностар татулығының үлгісі

Қарағанды облысы – еліміздегі ең көптің аймақтың бірі. Мұнда 100-ден астам ұлт пен ұлыс өкілі тату-тәтті өмір сүреді. Облыста 61 этномәдени бірлестік жұмыс істесе, олардың 3-уі республикалық мәртебеге ие. Бұл ұйымдар аймақтың қоғамдық өмірінде белсенді рөл атқарып, әр ұлттың мәдениетін, тілін дамытуға атсалысуда.

Шынында, өңірдің түрлі этнос өкілдері арасындағы ынтымақ пен татулық Қарағандының дамуына, әлеуметтік тұрақтылықтың нығаюына ықпал етіп келеді.

Қарағандыдағы Достық үйінде Аналар кеңесі, Ақсақалдар кеңесі, Жас ғалымдар клубы, Медиаторлар орталығы және түрлі этномәдени бірлестіктердің кеңселері орналасқан. Бұл құрылымдар ұлтаралық достықты дамытуға, мемлекеттік тіл мен ұлттық дәстүрлерді насихаттауға ерекше үлес қосып отыр.

Бүгінгі таңда Қарағанды облысында этностар арасында 2000-нан астам адам ана тілін үйрену үйірмелеріне қатысып жүр. Олардың арасында корей, неміс, поляк, татар, ингуш тілдері бар. Бұл – ұлт мәдениетінің сақталуына жасалып отырған үлкен мүмкіндік.

Тарихтың таңбасын таныған ел

Бірлік жайлы айтқанда өткен тарихтан да сабақ алу керек. Қазақтың ұлт ретінде сақтап қалған да – бірлік. Керей мен Жәнібек хандардың көк Туы астына жүзеген рулар бірікті. Екінші дүниежүзілік соғыста да тілі мен діні бөлек жандар

бірге жауға тойтарыс берді. Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы осындай тағылымды тарихтың заңды жалғасы болып отыр. Бейбіт аспан астында бір атаның баласындай тіршілік ету – ұрпаққа үлгі, болашаққа аманат. Өйткені, бірлігі бар елдің туы ешқашан жығылмайды.

Қазақтың тарихы – сабыр мен төзімнің, бірлік пен үміттің тарихы. Кезінде ел басына күн туғанда, найзаның ұшымен, білектің күшімен жерін қорғады. Қылышынан қан тамған заманда да татулықтан таймады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, бірлік пен тұрақтылық – дамудың ең сенімді кепілі. Ассамблеяның әрбір мүшесі елге қызмет етудің, ортақ іске үлес қосудың үлгісін көрсетуде. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан халқының татулығы мен келісімін сақтау ең басты құндылыққа айналды.

Иә, бірлік болмаса, бақ тұрмайды. Бейбітшіліктің қадірін ғасырлар бойы тағдырдың талай теперішін көрген қазақтай қарға тамырлы ел ғана түсінеді. Расында да, елдің ырысы – ынтымақта. Ұлттың ұлы күші – оның бірлігінде. Бірлік күні өзге мәдениеттерге құрметпен қарай отырып, баршамыз біртұтас Қазақстанның перзенті екенімізді сезінеміз. Өйткені «Ынтымақ түбі – береке» деген ұлы сөз ешқашан маңызын жоғалтқан емес.

Бейбітшіліктің мәңгілік символдары

Адамзат тарихында бейбітшілік пен бірлік – мәңгілік аңсар, асыл мұрат. Әр халық өз ұлы мұратын ардақтау үшін ғасырлар бойы бейбіт өмірді, ынтымақ пен татулықты паш ететін ерекше символдар жасап шыққан.

Көгершін – бейбітшіліктің әмбебап белгісі. Бүкіл әлемде ақ көгершін бейбіт өмірдің, сенім мен үміттің символы ретінде қабылданады.

Шаңырақ – қазақтың ұлттық бірлік нышаны. Туымыздағы шаңырақ бейнесі – көктегі Күнді де, жердегі елді де біріктіретін қасиетті белгі. Шаңырақ – әр қазақ үшін бірліктің, отбасының, тұтастықтың киелі рәмізі. Ол бір атаның ұрпағы бір шаңырақ астында тату өмір сүргенін білдіреді. Елтаңбадағы шаңырақтың төңірегіне шоғырланған уықтар – әр өңірдің, әр ұлттың Қазақстан атты ұлы орлада ынтымақпен өмір сүріп жатқанын меңзейді.

Зәйтүн бұтағы – келісім мен бейбітшіліктің тағы бір ежелгі символы. Көне Грекия мен Рим дәуірінен бері келе жатқан зәйтүн бұтағы бейбіт келісімнің белгісі саналады. Бүгінде Біріккен Ұлттар Ұйымының туында да әлемді құшағына алған жер шарының екі жағында зәйтүн бұтақтары бейнеленген.

Бейбітшілік қоғамуары – әлем халықтарының татулығын насихаттайтын символ. Түп-төркіні Жапониядан басталған бұл рәміз бүгінгі күні БҰҰ-ның штаб-пәтерінде орнатылған. Ол ядролық қырғынға қарсы үн қатқан алғашқы белгі ретінде күллі адамзатты бейбіт өмірдің маңызын еске салады.

Әр ұлттың бірлік пен бейбітшілікті дәріптейтін өз символдары болғанымен, олардың ортақ мағынасы – адамдардың бір-біріне деген құрметі, татулығы мен сенімі екенін ұғындырады. Қазақстан – осы құндылықтарды өз елінің басты ұранына айналдырған мекен.

• ЫНТЫМАҚТЫ ҚОҒАМ

Осы жұрт Бриллиантты біле ме екен?!

Қазақстанның сан түсті палитрасында түрлі мәдениеттер мен дәстүрлер тоғысып, тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, өзара түсіністік пен құрметтің алтын көпіріне айналды. Мұның жарқын үлгісі – бала күнінен бастап, мемлекеттік тіл – қазақ тілін жетік меңгерген Бриллиант Әлиеваның балауса ғұмыры. Ол туған әзірбайжан тіліне деген сүйіспеншілігін сақтай отырып, қазақ тіліне шынайы құрметпен қарауды үлгі етіп келеді. Оның жолы еліміздегі түрлі этнос өкілдері өз тамырын тереңнен қадірлеп, барша қазақстандықтарды біріктіретін тілді шын жүректен бағалайтынын дәйектейді.

Ерқанат КЕЧЕСБЕКҮЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бриллиант – әзірбайжан ұлтының жауқазын қызы. Өз халқының рухани мұрасын қадірлеп қана қоймай, қазақ тілін де жүрегімен қабылдаған парасатты жас. Қаршадайынан қазақ мектебінде білім алып, мемлекеттік тілді еркін меңгерген ол – еліміздің тілдік бірлігінің жарқын үлгісі. «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты Қазақстан халқы Ассамблеясының маңызды жобасына белсене қатысып, өзінің азаматтық ұстанымын айқын көрсетті. Осы бастаманың арқасында Ассамблея қатарына мүше болып, ел ішіндегі татулық пен достықты нығайту жолында өз үлесін қосып келеді. Қазақстан халқы Ассамблеясы аясында Бриллиант жастарға арналған бірнеше мәдени-тілдік жобаларға қатысып, этносаралық келісімді нығайтуға бағытталған бастамаларда белсен-

ділік танытып келеді. Ол әркез өз ұлттың мәдениетін таныстырып, қазақ тілін еркін меңгерудің арқасында басқа этнос өкілдерімен байланысты тереңдете білді.

– Өзге ұлттарға қарағанда қарақөз қазағымыздың менталитеті, өмірге көзқарасы, салт-дәстүрі, әріне, ерекшеленеді. Бірақ, дәл осы ерекшелікті түсініп, құрметтеу – нағыз рухани байлық деп білемін. Ата-анам да осыны терең біле отырып, менің бойыма ұлттық құндылықтар сіңсін, қазақы тәрбиені бойыма дарытайын деген ізгі ниетпен мені қазақ мектебіне берді. «Қазақы ортада өскен бала тегін болмайды», – деп үнемі айтып отырады (жымынып), – дейді Бриллиант қарындасымыз жүрекжарды ықыласпен.

Бриллиант Әлиеваның әкесі – Жамбыл облысы, Меркі ауданында туып-өскен, қазақ жерінде тамырын терең жайған азамат. Ұлттық болмысын сақтай оты-

рып, отбасындағылар күнделікті тұрмыста қазақ тілінде сөйлеседі. Бұл – тек тілге деген құрмет емес, сонымен бірге, елге, ортаға деген шынайы сыйластықтың белгісі. Ал, шалғайдағы туыстарымен әзірбайжан тілінде еркін мәміле жасап, өз тегін, мәдени байланысын да ұмыт қалдырған емес. Осындай қос тілді ортада өскен Бриллианттың бойынан ұлттық тамырға адалдық пен мемлекеттік тілге деген құрмет тең дәрежеде қылаңғытып тұрады.

Қазыналы Қарағандыда туып-өскен қарындасымыз – талапты да талантты жас буын өкілі. Ол 2022 жылы Сәкен Сейфуллин атындағы терең білім мен тәрбиені ұштастырған гимназияны үздік нәтижемен аяқтап, бүгінде академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университетінің журналистика кафедрасында білім алып жатқан III курс студенті. Жастайынан қоғамдық белсенділігімен,



терең ойы мен шешендігімен көзге түскен ол – университет атынан түрлі деңгейдегі олимпиадаларға қатысып, әрқашан I орыннан көрініп жүрген үздіктердің бірі. Мінезі ашық, сөзі салмақты Бриллиант – айналасына шуағын шашып жүретін жарқын жастың бірі. Тіпті, университет ұстаздары оның білімге деген құштарлығын, өз ойын еркін әрі сауатты жеткізе білу қабілетін ерекше атап өтеді. Тек білім ала отырып

қана қоймай, Бриллиант қазіргі таңда облыстық 5 телеарнада журналист ретінде кәсіби қызмет атқарып, медиасалада өзіндік қолтаңбасын қалыптастырып келеді. Оның ізденісі мен еңбекқорлығы – жастарға үлгі, болашақ кәсіби журналист ретінде сенім ұялата-тын жарқын бейне.

– Болашақта тележурналист болуды жүрек қалауыммен таңдадым. Қоғамдағы өзекті түйткілдерді көтеріп, қарапайым ха-

лықтың мұн-мұқтажын жеткізе алатын, адам тағдырын арқау еткен шынайы әрі өміршен жобалар жасағым келеді. Ұлттық құндылықтарымызды сақтап, қазақы рухты жаңғыртатын авторлық бағдарламалар арқылы көрерменге ой тастау – менің ең асқаралы арнамым. Қазақ тілінде сапалы, терең мазмұнды медиаконтент қалыптастырып, елдің рухани кеңістігіне үлес қосу – өмірлік мақсатым, – дейді Бриллиант сеніммен.

Бриллиант – бүгінгі бейбіт елдің бір тамшы үміті, ертеңгі күннің жарқын шуағы. Оның бойындағы қос тілділік – бұл жай ғана лингвистикалық артықшылық емес, қос мәдениеттің арасындағы үкілі үндестік, бірлік пен өзара құрметтің бірден бір мысалы. Мұндай жастар көп болса, елдің іргесі берік болмақ. Қазақ жерінде туып, осы топырақта тамыр жайған әр ұлт өкілі – елдік, бірлік тарихының ақ парағы. Сол парактың бүгінгі бетінде Бриллианттай жастың жарқын ізі тұр. Ол – тек бір ұлттың қызы емес, қазақы ортада түлеп, қазақ тілімен ойлап, сол тілде сөйлейтін жаңа буын өкілі.

Сурет кейіпкердің жеке мұраатынан

• МЕРЕКЕ ШУАҒЫ

Бәріміз – бір елміз!

Мұхтар Әуезов атындағы қалалық орталықтандырылған кітапханада «1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне» орай «Қазақстан – бірлік пен татулық мекені» атты тақырыптық кездесу өтті.

Кездесуге Қарағанды облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сараптамалық тобының мүшесі Думан Малаев, Аналар кеңесінің мүшесі, облыстық ПД жанындағы отбасына көмек көрсету бірінғай орталығының басшысы, полиция подполковнигі Гүлбану Сапиева-Алпысбаева, «Видергербурт» неміс этномәдени орталығы жұмыс бөлімінің жетекшісі Анастасия Коваленко, ҚХА жанындағы Әзірбайжан «NAMUS KZ» ұлттық мәдени орталығының өкілі, Жас ғалымдар клубының мүшесі, «Мемлекеттік тіл – менің тілім» жобасының қатысушысы – Бриллиант Әлиева арнайы қоңақ ретінде шақырылды.

Сонымен қатар, аталған шараға «Жас ұлан» мектебінің оқушылары да қатысты.

Әр түрлі этнос өкілдері қазақ тілінде өлең оқып, бейбітшілік жайлы ойымен бөлісіп, салт-дәстүріміз туралы білгенін ортаға салып, тілімізге, дүниетанымымызға деген құрметін танытты. Ал, «Видергербурт» неміс этномәдени орталығы жұмыс бөлімінің жетекшісі Анастасия Павловна өз ұйымында жүргізілетін жұмыспен кеңінен таныстырды.

Өткізілген шара әр этностың мәдениеті мен дәстүрін сақтай отырып, ел ішінде татулық пен келісімді нығайту мақсатын көздеді. Өйткені, бірлік мейрамы – бірлік жолында бел буған тұтас қазақ елі мен ондағы этностардың татулығын айғақтайтын күн.

Ақайша ЕСЕНБЕК, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті журналистика бөлімінің IV курс студенті

Табыстың тайқазанын қайнатқандар



Қолжазба жасаған Арайым Қоңғарова

(Соңы. Басы 1-бетте).

Көші-қон қызметі орғандарының мәліметінен байқағанымыз, өңдеу нәтижелері бойынша 2022 жылғы қаңтар-желтоқсан аралығында облысқа 10 695 адам келіп, облыстан 16 144 адам шығып кеткен. 2021 жылға қарағанда облысқа келгендер саны 23,9%-ға, облыстан шыққандар саны 1%-ға өсті.

Әсіресе облысқа келгендердің басым көпшілігі өндіріске жұмысқа орналасқан. Бүгінде аймақта қазақтардан басқа орыстар (43,6%), украиндар (5%), беларусы (4,0%), немістер (0,2%) және басқалары (7,5%) тұрады. Осы орайда көмірлі шаһар елімізге этносаралық және дінаралық толеранттылықтың жарқын үлгісі ретінде танымал екенін аңғарған жөн.

Ұлттық статистика департаменті ұсынған мәліметке сүйенсек, 2023 жылы көші-қон нәтижесінде 21 078 адам облыс ішіндегі тұрғылықты жерін өзгерткен. Бұл өткен жылдың қаңтар-желтоқсан

нымен салыстырғанда 3,9% - ға аз. Ал, 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда облыс өңірлерімен алмасу кезінде көші-қонның оң көрсеткіші тек облыс орталығында (3343 адам) байқалған. Теміртау (101) және Саран қаласындағы (72) көрсеткіштер ерекше көзге түсті. Әсіресе, үлкен көші-қон шығындары Шет (757 адам) және Қарқаралы (721) аудандарында байқалды. Көші-қонның оң көрсеткіші Теміртау, Саран қалаларында байқалғаны әрине өндіріс ошақтарында жұмыс істейтін өзге ұлт өкілдерімен байланысты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында Саранда өндіріс орындарының іске қосылып, соның арқасында елдімекеннің монокалалар санатынан шығарылғанына тоқталып, осы тәжірибені қолдану қажеттігін үлгі еткен еді.

Бүгінде Саран индустриялық аймағында шоғырланған «QazTehna» ЖШС – Саранға серпін беріп отырған кәсіпорынның бірі. Онда жұмыс істегені 2 жылға жуықтаған өзге ұлт өкілі – Алек-

сандр Петрович Алматыдан келген.

– «QazTehna» бренді қалыптасып, қанаты қатайған кәсіпорын. Төрт жылдың ішінде тек Қарағанды автопаркін ғана жаңартқан жоқ. Елорда, Шымкент, Алматы және еліміздің басқа да қалаларына автобус құрастырып беріп отыр. Күніне төрт-бес автобус жолға шығады. Заманауи жабдығы толық зауыттың жыл сайын өндірістік қуаты сәйкесінше өседі.

Мұндағы жеті жүзден асатын жұмысшылардың 70%-ы Саран қаласының жергілікті тұрғындары. Қалғаны өзге ұлт өкілдері. Солардың қатарында біз де жүрміз, – дейді Александр Петрович.

Сол сияқты жоғарыда аталып өткен Шет ауданында катодтық мыс өндіретін зауыт бар. Жылына 9 мың тонна түсті металл экспорттайтын кен қорындағы қосымша геологиялық-барлау жұмыстарына өзге ұлт өкілдері де тартылған.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

«Бір атаның балалары»



Қарағанды қаласы XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы неміс халқы тығыз орналасқан аймақтардың біріне айналды. Ал, осы этностың рухани-мәдени өмірін жандандыру мақсатында 1989 жылы «Видергербурт» неміс орталығы қоғамдық бірлестігі құрылды. Бытыр осы орталық 35 жылдығын атап өтті. Бүгінде ол ең белсенді әрі ең үлкен этномәдени орталық өкілдерінің біріне айналған.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қоғамдық бірлестіктің қатарында 3652 белсенді бар. Ал, орталықтың күнделікті жұмысын үйлестіріп отыратын 70 қызметкер түрлі бағытта жұмыс жасауда. Орталықтың Қарағанды қаласынан бөлек, Шахтинск, Саран, Теміртау қаласы мен Шахан, Актас, Ново-долинский кентінде филиалдары жұмыс істеп тұр. Татулығы мен ымыра-бірлігі жарасқан ұжымға тәжірибелі маман Александр Гиберт басшылық жасап отыр.

Бірлестіктің жұмысы этника-

лық немістердің ұлттық болмысын сақтау ғана емес, түрлі этностардың мәдениеті мен дәстүрін дамытуға үлес қосуға бағытталған. Қазіргі таңда аталған орталық өз тілінің, тарихы мен әдет-ғұрпының түпнұсқалық күйінде сақталуына ерекше көңіл бөледі. Сол себепті, Бүгінгі таңда Қазақстанды туған Отаны ретінде қабылдаған этникалық немістердің бірегей мәдени қауымдастығы қалыптасып отыр.

– «Видергербурт» орталығының қызметі бірнеше бағытты қамтиды. Соның ішінде, әлеуметтік-гуманитарлық қолдау, білім беру жобалары,

этномәдени іс-шаралар, жастармен жұмыс жасау кеңес беру саласы бойынша атқаратын жұмысы орасан. Мәселен, орталық жанындағы тіл курстары мен «Wunderkind» дамыту орталығы балалар мен ересектерге неміс тілін үйретеді. Бұған қоса, балаларға арналған лингвистикалық лагерлер мен ойын алаңдары да тұрақты өтеді. Ал «Erfolg» оқыту орталығы – мемлекеттік емес білім беру мекемесі ретінде жұмыс істеп тұр. Мұнда балалар Қазақстанның білім стандарттары бойынша оқумен қатар, неміс тілін қосымша пән ретінде меңгереді, – дейді Александр Николаевич.

Этномәдени бағыттағы жұмыстар да қарқынды жүзеге асырылып жатыр. Қазіргі таңда «Кездесу орталықтары желісі» жобасы арқылы неміс халқының тарихы, мәдениеті мен дәстүрлерін таныстыратын 30-ға жуық үйірме жұмыс істейді. Мереке күндері түрлі мәдени шара



ұйымдастырып, мерекелік концерт қойылады. Мәселен, Сарандағы «Танцующая долина» би ансамблі мен «Musikquelle» вокал тобының атқарып жатқан жұмыстарын айтпаққа болмас. Этномәдени бірлестік құрылғалы бері жұмыс істеп келе жатқан қос ұжымның тарихы тым әріле. Бұл ұжымдарға қала тұрғындарының құрметі де ерек.

– Орталықтың әлеуметтік-гуманитарлық қызметі де маңызды. Бұл бағыт аясында егде жастағы азаматтарға көмек көрсетіледі. Медициналық тексерулер мен оталарға жағдай жасалып, еңбек армиясының ардагерлеріне патронаждық күтім ұйымдастырылады. Сонымен қатар, дәрі-дәрмек шығындарының бір бөлігі өтелеп, азық-түлік себептері үлестіріледі. 2021 жылдан бері «Мой немецкий город» жобасы іске асырылуда. Жаңа экскурсия форматында өтетін бұл бағдарлама Қарағанды қаласының өсіп-өркендеуіне этникалық немістердің қосқан үлесін көрсетуге негізделген. Экскурсия 8 тарихи нысанды қамтиды, – дейді этномәдени бірлестіктің басшысы.

«Видергербурт» орталығының өкілдері Қарағанды аймағымен шектелмей еліміздің басқа да аймақтары мен шет елдерде өтетін түрлі деңгейдегі іс-шараларға қатысып келеді. Бұдан бөлек, жыл сайын өткізілетін ұлттық-мәдени орталықтар фестивалдарына, шерулер мен концерттерге, қолданбалы өнер көрмесіне, ұлттық тағамдар жәрмеңкесінің де тұрақты қатысушысы.

Сурет автордан

• ОРТАҚ ОТАН – ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Атбегі Анатолий

Анатолий Гуреевті шеттік ағайын аса біле бермейді. Ал, «Төлеген» десеніз, Арқа атырабына танымал. Өйткені, жаны да, болмысы да, жүрегі де қазақ. Шаруашылығын дөңгелетіп отыр. Өзі аламанға ат қосады. Ауылына жанашыр азамат.


Қасымхан БҰРКІТҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Әлихан ауылының кәсіпкері даласына төрт түлігін өргізген. Осыдан бірнеше жыл бұрын Төлеген шаруашылығына асыл тұқымды 70 ақбас сиырын сатып алыпты, одан өскен ірі-қарсаңы қазір 300-ге жетіп артылады. «Сиыр малының ішіндегі қондысы, Арқаның шымыр аязына ондысы осы» дейді өзі. Сиырдың бұл түрі әрі етті, әрі сүтті келеді. Сүтінен ірімшік жасап, айран ұйытады, құрт қайнатады. Келіншегі Айсұлу Санджиеваның үйге көл-көсір табыс әкеліп отырған кәсібі бұл. Сүт өнімінен шаруашылығының шығынын өтеп отыр.

басы бар екен. Содан өзі атын қояды. Өз дәуірінде бәйгенің алдынан келіпті.

Келіншегімен алғаш танысқан сәті де езу тартқызады. Анатолий есімінің Айсұлу екенін естігенде еріксіз күліп жіберіпті. Сонда Анатолий оған «Сен менің екінші Айсұлуым-сың» дегенде, келіншегі абдырап, түсінбей қалыпты. Сонда Төлеген «Өзімнен аттас сұлу сәйгүлігім бар» деп жүрегін басқан екен.

